

**К. Байжанов, «Фемида» Заң академиясының 2-бағам магистранты
Ғылыми жетекшісі: М. К. Ынтықбаев, қылмыстық және іс-жүргізу
кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты**

АЗАПТАУ — ЗОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҢ БІР ТҮРІ

Қылмыс ретіндегі азаптау әрекеті қазақстандық қылмыстық заңнамалар үшін дәстүрлі орын алған болып табылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде Қазақстанның азаптау үшін жауаптылық көздеуде негізгі деген халықаралық актілерге сүйенгендігі байқалады. Қазіргі кезде азаптау мен басқадай қатыгездікпен қарау мәселелері бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16-желтоқсанда қабылдаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық актісі қолданылады. Пактінің 7-бабында былай делінген: «Ешкімде азаптауға немесе адамгершілікке жатпайтын қатыгездікке немесе ар-намысын қорлайтын көзқарасқа немесе жазаға ұшырамауы тиіс»¹.

Осы мәселеге сонымен бірге Адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларацияның 5-бабы да арналған. Сондай-ақ азаптауға немесе адамгершілікке жатпайтын қатыгездікке немесе ар-намысын қорлайтын көзқарастың немесе жазаның алдын алу жөніндегі Еуропалық конвенция да бар.

Қылмыстың объектісі адамның денсаулығы болып табылады.

Объективтік жағы ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын немесе психикалық зардап шектірумен көрінеді. Бұл жерде жәбірленушінің денсаулығына ҚР ҚК 103 және 104-баптарында көзделген зардаптар келтірілмейді.

Азаптау — бұл дүркін-дүркін немесе ұдайы ұрып-соғумен немесе өзге күш қолданумен көрінетін әрекет (шымшу, тырнау, ауыр немесе өткір құралдармен ұрғылау, химиялық, физикалық факторлармен әсер ету және сол сияқты әрекеттер).

Қылмыстың субъективтік жағы тікелей ниетпен сипатталады, яғни кінәлі өзінің қоғамға қауіпті әрекетінің нәтижесінде (ылғи ұрып-соғу немесе күш қолдану) денсаулыққа зиян келетінін ұғынады, қоғамға қауіпті зардаптың болатынын немесе болуы мүмкін екенін алдын ала біледі, соны тілейді.

Қылмыстың субъектісі — жасы 16-ға толған, есі дұрыс адам.

Азаптау мына жағдайларда жасалса, ол қылмыстың сараланған түрі болады:

а) көрінеу кәмелетке толмаған немесе кінәліге дәрменсіз күйде екендігі белгілі не кінәліге материалдық немесе өзге тәуелдіктегі адамға, сол сияқты ұрлаған не кепіл ретінде түсірген адамға қатысты;

ә) екі немесе одан да көп адамға қатысты;

б) кінәліге жүктілік жағдайында екендігі белгілі қатысты;

в) азаптап;

г) жалдау бойынша;

ғ) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық тұрғысында жасалса.

Аталған ауырататын мән-жайлар бұл қылмыстың қоғамға қауіптілігін арттырады және тиісінше жауаптылықты да күшейтеді. Жәбірленушінің материалдық тәуелдікте болуы — оның кінәлінің толық немесе жарым-жартылай асырауында болуы (көбіне кәмелетке толмағандар) не кінәлінің өз құрбанын ұстап отырғандығы, яғни оның материалдық тұрғыдан кінәліге тәуелділігі.

Басқа да қатынастарға байланысты тәуелділік болуы мүмкін: бағынышты қызметкердің бастыққа, спортшының жаттықтырушыға, баланың ата-анаға, т. б. Бұл баптың «а»-тармағына ұрланған немесе кепілге алынған адамды азаптау, оған тән зардабын немесе психикалық азап шектіру жатады. Егер, жәбірленушіні азаптауға кінәлі адам, сонымен қатар, ұрлауды немесе кепілге алуды орындаушы да болса, онда оның әрекетін қылмыстардың жиынтығы бойынша саралау қажет.

¹ Международные акты о правах человека. Сборник документов. — М., 1998. — 53-68-бб.